

Оқушының жазу мәдениетін дамыту: эссе және оған қойылатын талаптар



Қарағанды, 2017

Семинардың мақсаты:

- 1. Жазылым туралы түсінік беру.**
- 2. Жазылымның бір түрі – эссе туралы түсінік беру.**
- 3. Эссеге қойылатын талаптармен таныстыру.**
- 4. Эссенің тілдік құрылымымен, синтаксистік ерекшелігімен таныстыру.**
- 5. Эссені бағалау өлшемімен таныстыру.**
- 6. Тәжірибелік тренингтер арқылы эссе жазу дағдысын қалыптастыру.**

Семинардың барысы:

I БӨЛІМ. 10.00-13.00 – ТЕОРИЯЛЫҚ БӨЛІМ

**II БӨЛІМ. 14.00-16.00 – ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ.
ТРЕНИНГ.**

Жазылым дегеніміз – жазбаша сөйленімнің өнімді түрі.



Жазылым үшін қажетті қабілеттер

Көру арқылы еске сақтау


Назар аудара білу

Логикалық ойлау

Елестете алу

Болжай алу

**Жазылым үшін
маңызды сұрақтар**



**Не үшін
жазамын?**

**Қандай сөздер
мен фразаларды
таңдаймын?**

Қалай жазамын?

ЖАЗЫЛЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Синтаксис: Сөйлемдердің құрылымдары, сөздердің орын тәртібі

Мәтінді ұйымдастыру: Сөйлемдерді абзацты байланыстыру

Мазмұны: логикалық жағынан тақырыпқа, мақсатқа сәйкестігі

Жазылым техникасы: графика, орфография, пунктуация

Жазылым процесі: композиция, жоспарлау

ЖАЗЫЛЫМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Оқырманға өз ойын дұрыс жеткізе білу

Оқырманға әсер ету, оны сендіру, оның назарын аудару.

Оқырыманды қызықтыру, оқырыманның реакциясын тудыру

ЖАЗЫЛЫМ ДЕГЕНІМІЗ –

- 1. Коммуникативтік әрекет.* Неге, кімге, не үшін жазып жатырмыз, осыны нақты түсіну қажет.
- 2. Процессуалдық әрекет.* Жазылым процесі көбінесе қалай бастаймыз, не жазамыз, қалай аяқтаймыз деген сияқты ізденістерден тұрады.

Жазу дағдысын қалыптастыру жаттығулары

Толықтыру: Жіберілген сөздерді толтырыңыз.

- Сөйлемдерді аяқтаңыз.
- Сөйлемді бастаңыз.

Трансформация: Азатжолды аяқтаңыз (оның басы беріледі).

- Мәтіндегі фразаны кеңейтіңіз немесе фразаны (абзац) қысқартыңыз.
- Сөйлемді басқа синонимдік құрылыммен ауыстырыңыз.
- Сөйлемнің барлық нұсқасын жазыңыз.
- Бірнеше сөйлемді бір сөйлемге біріктіріңіз.

Жазу дағдысын қалыптастыру жаттығулары

Толықтыру: Жіберілген сөздерді толтырыңыз.

Қай қоғамда да еңбектің маңызы _____ .

Еңбек арқылы адамның _____ ,

_____ көрінеді. «Жауынмен жер көгерер,

еңбекпен ер көгерер» деп халық

_____ айтылғандай, бұл қоғамда

еріншектерге _____ жоқ. _____

еңбегімен көзге түскен _____ өте көп.

Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Бүгін семинар болса...

Бүгін семинар болады екен....

Бүгін семинар болатынын естіп...

Бүгін семинар болатындықтан...

Бүгін семинар болатынын біле тұра...

Сөйлемді бастаңыз.

... кішкене кешігіп қалдым.

... алайда бұл ұсынысыңыз маған ұнамады.

... бірақ осы мәселені қазір шешіп көрейік.

... себебі интернет ресурстарында бұл ақпарат жоқтың қасы екен.

Азатжолды аяқтаңыз (абзацтың басы беріледі).

1. Бүгін сәрсенбі. Мен семинарға барамын...
2. Білім саласында жеткен жетістігіміз көп. Дарынды оқушыларымыз халықаралық олимпиадададан жеңіспен оралды...
3. Құшағы кең қазақ елі көптеген өзге ұлт өкілдерін бауырына тартты. Қазақстанда бір шаңырақ астында өмір сүріп жүрген түрлі ұлттар мен ұлыстардың бірлігі, ынтымағы басқа мемлекеттерге үлгі...

Мәтіндегі фразаны кеңейтіңіз немесе фразаны (азатжолды) қысқартыңыз.

25 жасар бағдарламашы Асқат Мырзабаев аз уақытта екі миллионнан артық табыс тауыпты. Ол жарты жыл Ұлыбританияның Barclays банк тобында жұмыс істеген екен. Жас жігіт тапқан табысын қайырымдылық қорына аударыпты. Ол үшін басты мақсат ақша табу ғана емес. Осындай жаңа жобаларға қатысу арқылы жаңа достар тауып, тәжірибе жинайды.

Мәтіндегі диалогті кеңейтіңіз.

Ертеде кедейлерге мейірбан да әділ, бай кісі өмір сүреді. Бір күні бір сүт сатушы әйел сол кісіге келеді. Оның түрінен бір қиын жағдайға тап болғанын байқаған ол әйелден:

- Балам, бұйымтаймен келдің бе? - дейді...

Сұқбат үшін жауап үлгісін ұсыныңыз.

«Мен сыйға тартқан орамал» әнімен көпшілікке танылған Роза Әлқожа әншілігімен қатар, сазгерлігімен де белгілі. Әнді жүрегімен айтатын Роза редакциямызда қонақ болып, газетімізге сұхбат берген болатын.

- Бала күндеріңіздің бақытты естеліктері деп нені айтар едіңіз?

- Әнші болуға түбегейлі шешім қабылдаған кезіңіз және оған не ықпал етті?

– Сізді бақытқа бөлейтін не нәрсе?

1. Карточка бойынша мәтін құрау. Әрбір карточкада мәтіннің бір - бір сөйлемі болады. Оқушылар оны бірізділікпен құрастыруы керек, жетпегенін қосуы керек.

2. Мәтіннің соңын жазу, аяқтау. Оқушыларға мәтіннің басы беріледі және толықтыруға, аяқтауға тапсырма беріледі.

3. Рөлдік ойындар.

- а) жарнама жасау. Оқушылар мектептегі секциялардың тиімділігі туралы жарнама жазу керек.
- б) үйді сипаттау. Оқушылар үйдің, бөлменің суретіне қарап, оны сипаттайды.

Жапондар айтатын «Алты қырсық» деген бар екен. Олар: ақылсыздық, ызақорлық, жеңілтектік, нәпсіқұмарлық, солқылдақтық, және дүниеқоңыздық. Осылардың әрқайсысының он сегіз көрінісі бар. Сонда жиыны 108 түрлі болады деп есептейді екен де, солардың бәрін тізбектеп, жазып, әйгілеп қоятын көрінеді. Осыларды күнде құлақпен естіп, көзбен көріп жүрген кісі теріс жолға бара ма? Міне, халықтық тәрбиенің көрнекті түрі қандай әсерлі! Бүгінде жапон елінің өнер-білімнен дүние жүзіндегі өркениетті елдің қатарында алға шығуына, дамуына осы тәрбиенің әсері болмады деп қалай айтарсыз! Дүние жүзі елдерінің көбінде отбасылардың ажырасуы жыл сайын өсіп отырса, жапондарда жұбайлардың ажырасуы мүлде жоқтың қасы екен. Жапон әйелдері ешқашан адам бетіне түсін суытып қарамайды, сөйлескенде әуелі түсін жылытып, күліп қана сөйлейді. Міне, осыдан кейін адамдар арасында ұрыс-жанжал қайдан болсын. Ұрлық істеу, өтірік айту деген сияқты әдеттер оларда мүлде жоқ болса керек. Осындайда «Үлкенге-құрмет, кішіге ізет» көрсететін халқымыздың үлкеннің алдын кесіп өтпейтін кішіпейілділігі, жесірі мен жетімін сыртқа теппейтін бауырмалдылығы, есігіне құлып салмайтын адалдығы қайда кеткен деп қайран қаласың? Бәрі-сол ұлт, яғни ата-баба дәстүрінде тәрбиелеуде жатыр емес пе!?

ЖАЗЫЛЫМҒА ҚАЖЕТТІ ТАПСЫРМАЛАР:

Грамматикалық тапсырмалар

*Еркін шығармашылық
тапсырмалар*

*Модель бойынша орындалатын
тапсырмалар*

1. Ақпараттар бойынша мәтін құрастырыңыз.

2. Рөлдік ойын. “Журналист және кәсіпкер” тақырыбында сұқбаттасу.

3. Ақпараттардың негізінде түйіндеме жазыңыз.



Сурет бойынша мәтін құрастырыңыз.



Сонымен, бізден сұрақ, сізден жауап...

1. Эссе дегеніміз не?
2. Эссе жазу дағдысын қалай қалыптастырамыз?
3. Эссе жазу үшін нені білу керек?

Эссе – жазылымның бір түрі. Эссе француз тілінен "essai", ағылшын тілінен "essay", "assay"- талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен "exagium" – **ойлау** деген мағынаны береді.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ОҚУДАҒЫ ЖАЗЫЛЫМ ТҮРЛЕРІ

конспект

реферат

рецензия

эссе

қысқа мазмұндама т.б.

Эссе мазмұны қойылған мәселе бойынша нақты баяндалады. Эссе жазу бұл – дәлелдеудің классикалық жүйеге негізделген, сұраққа жауап беру немесе тақырыпты ашу болып табылады. Ойды ашық және дәл білдіруге тырысыңыз, эсседе сөз тіркестері мен фразалар іріктелген және нақты болу қажет. Эсседе барлық жазба жұмыстардағыдай ішкі логика болуы тиіс. Эссе – бұл қандай да болмасын мәселе бойынша ойланып-толғану деген сөз. Эссе – бұл өз тілімен және стилімен жазылған өздік жұмыс, сондықтан цитаттың аз болғаны да жақсы.

ЭССЕ ЖАЗҒАНДА:

Ең алдымен хабарлайтын, жазатын, ой толғайтын, талқылайтын нәрсе туралы анық білу керек. Сондай-ақ, эссе жазуға итермелеген не нәрсе, эссені кім оқитынын түсіну өте маңызды. Оқырманның назарын өзіңе аудартатын, мүмкін болса қарсы жауап реакция-сын тудыратындай өз ойыңды, сезіміңді, көңіл-күйіңді жеткізу үшін мәнерлі, мазмұнды, күшті сөздерді дұрыс таңдай білу керек.

Эссе жазатын адам үшін ең маңызды қасиет – тілді еркін меңгеруі, басқалардың сезіміне әсер ететіндей дәл, анық бейнелі етіп сабақтастыра жаза білу. Ол үшін қажетті тілдік құралдар:

- тұрақты тіркестер;
- троптың түрлері (әсіресе эпитет пен теңеу)
- фигураның түрлері

(жұмыс дәптеріндегі мысалдармен жұмыс)

Ескерілетін тілдік құрылымдар

- Байланыстыру үшін қолданылатын құрылымдар: келесіге көшейік, анықтаймыз, қарастырамыз
- Ойдың бірізділігін беру: басында, бірінші кезекте, қазір енді, содан соң, соңында, қорытындыда
- Кейінгі баяндаумен байланыс: әрі қарай, төменде, келесі тарауда, келесі бөлімде
- Жол-жөнекей баяндау: айтпақшы
- Тақырыпқа оралу: тақырыпқа оралайық, міне
- Айырықшалау: басты, ең бастысы, бәрінен бұрын, сіздердің назарларыңызды аударғымыз келеді
- Нақтылау, аргумент: яғни, басқаша айтсақ, одан басқа, нақтырақ айтқанда
- Цитата – аргумент: “ “ деген сөзін келтіре кетсек

- Мақал, қанатты сөздер: ... дегендей, деп айтпақшы
- Ақпарат көзі: ... пікірінше, көзқарасынша, сөзімен айтқанда, әкем айтушы еді
- Логикалық байланыс: осыдан шығатын қорытынды, сонымен, бір сөзбен айтқанда, қорытындыға келуге болады, қысқасын айтқанда, қорытындылайтын болсақ
- Ақпараттың субъективті, объективтілігін бағалау: сөзсіз, даусыз, ықтимал

ЭССЕ ЖАЗУҒА КЕРЕКТІ ТІЛДІК МАТЕРИАЛ

Грамматикалық дағды

Лексикалық сөздік қор

Синтаксистік құрылымдар

ОҚУШЫ ДАҒДЫЛАНУ КЕРЕК. НЕГЕ?

**Белгілі бір көлемде эссе жазуға (Мысалы:
50 сөз, 100 сөз, 150 сөз, 200 сөз, 250 сөз)**

ҚАЛАЙ?

Қазақ тілі сабағында сабақ сайын немесе аптасына екі рет жазу керек.

ДАҒДЫ ДҰРЫС ҚАЛЫПТАСУ ҮШІН

**Мұғалім үнемі жазылған эссені тексеріп,
бағалап отыру, қорыту керек.**

ЭССЕҢІҢ МАҚСАТЫ НЕ?

Негізгі мақсаты – өз ойды жазбаша түрде жеткізу және өз бетімен шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту.

Эссеңің мақсаты – әртүрлі тезистер, дәлелдер келтіре отырып берілген тақырыпты ашу. Онда нақты айғақтар беріліп, мысал келтіріледі. Эссеге тақырыптардың шектеусіздігі, автордың өз тәжірибесіне негізделген жеке позицияның еркін мазмұндалуы тән.

ЭССЕНІҢ МАҚСАТЫ

- Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;
- Сұрақ бойынша өзінің түсінігін, ойын айту;
- Оқырмандарды ақпараттандыру;
- Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;
- Өзінің және оқырманның көңілін толтыру, рахатқа бөлеу;
- Көңіл-күйді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;
- Іс-әрекетке түрткі болу.

ЭССЕ НЕ БЕРЕДІ?

Эссе жазу оқушыға талқылау мәтінін құрастыруды үйретіп, өз ойын байланыстырып жазуға мүкіндік ашылады. Ой қортындысын жасап, пікір білдіру әдеби нормадан ауытқымай, ойды сөзбен байланыстыру, сөзді орынды қолдандауға септігін тигізеді. Эссе жазу арқылы жазу тілінің мәдениеті қалыптасады.

Эссе түрлері:

Сипаттамалық

Салыстырмалы

Анықтамалық

Дәлелдеме

Хабарламалық

Аргументтік

Әдеби

1. Сипаттамалық эссенің мақсаты адамның, жердің, заттың т.б.бейнесін сипаттау болып табылады. Детальдар арқылы оқырманға сипатталған затты елестеткізеді.
2. Анықтамалық эссенің мақсаты дәлелдер, терминдер арқылы берілген терминнің мағынасын ашу.

3. Хабарлама эссе субъективтік көзқараспен оқиғаны сипаттау және бірінші жақта, өткен немесе осы шақта жазылатын эссе түрі – хабарламалық эссе. Хроникалық реттілікте жазыла бермесе де, адамның тәжірибесі мен ойына сүйенеді.

4. Салыстырмалы эссенің мақсаты екі немесе одан да көп мәселелердің қарым-қатынастарын тарқатып жазу. Жалпы, басты мақсат – жеңіл-желпі айырмашылықтар мен ұқсастықтар табу жеткіліксіз екенін көрсету. Бірден көзге түсе бермейтін болса да, олардың арасындағы маңызды айырмашылықтар мен қатынастарын терең зерттеу нәтижесі көрсетеді.
5. Дәлелдемелік эссенің мақсаты - айтылған ойға оқырманды сендіру, көндіру. Оқырманның зейінін аудартып, қатаң дәлелдер көрсету арқылы жазылады.

6. Аргументтік эссе Аргументативтік эссе көбінесе қарама-қайшылық тудыратын тақырыптарда жазылады. Аргументтер қолдайтын себептермен бірге берілуі тиіс. Қарсы ойларды көрсету немесе оларды жоққа шығару – бұл эссе типінің жалпы сипаттамасы.
7. Әдеби эссе басқа эссе түрлеріне ұқсамайды. Ол ерекше қолданылған әдеби жанрлар, күтпеген сюжеттер мен оқиғаларға, тіл ерекшеліктеріне толы болады.

Үшбу хат.

Эссенің сабақта қарастырған шығарма (идея, теорема, формула, кітап, т.б.) авторына хат формасында жазылуы да мүмкін. Хатты бүгінгі сабақ тақырыбы төңірегінде оқытушыға немесе басқа біреуге де жазуға болады.

Сұрақтан басталып, сұрақпен аяқталатын эссе.

Эссе тақырып бойынша бір сұрақпен басталып, басқа сұрақпен аяқталуы мүмкін. Бұл жерде сұрақтардың адресаттары сан-алуан болу мүмкіндігін ескертіп кеткен жөн: сұрақтарды өзіңе, көршіңе, бүкіл аудиторияға, жеке адамға, оқытушыға, авторға, т.б. қоюға болады. Сұрақтар тіпті ешкімге де бағытталмауы мүмкін (риторикалық сұрақтар).

Эссе үшін қажет материалды қайдан іздеуге болады?

Бұл кітапхана, интернет ресурстары, сөздіктер, анықтамалықтар, қайта оқып шығуды қажет ететін бұрын оқылған кітаптар болуы мүмкін.

Сондай-ақ жаныңдағы адамдардан алынған, біреуден естіген ақпараттардың да көмегі болады

Эссенің ерекшелігі:

- нақты тақырып немесе мәселенің қойылуы;
- нақты мәселе немесе сұрақ бойынша адамның жеке әсері мен түсінігін білдіреді;
- мәселені кең көлемде талдауға арналған туынды эссе бола алмайды;

ЭССЕҢІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ҚАНДАЙ?

Эссе мазмұны қойылған мәселе бойынша нақты баяндалады. Эссе жазу – тақырыпты дәлелдеу, сұраққа жауап беру немесе тақырыпты ашу деген сөз.

Эссе қандай да болмасын мәселе бойынша ойланып-толғану деген сөз. Эссе – бұл өз тілімен және стилімен жазылған өздік жұмыс, сондықтан сілтеменің аз болғаны да жақсы.

ЭССЕ ЖАЗУДАҒЫ НЕГІЗГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

1. Эсседе ой айтылады.
2. Ол дәлелденеді.
3. Сосын ой тұжырымдалады.

Эссе жазу кезінде мына сәттерді ескеру де маңызды:

Кіріспе және қорытынды ой негізгі мәселеге шоғырланғаны жөн (кіріспеде ол мәселе ретінде қойылса, қорытындыда түйінделеді).

ЭССЕҢІҢ МҮМКІНДІГІ ҚАНДАЙ?

- эссе оқушыны өз ойын дәл және сауатты жеткізуге;
- ақпаратты жүйелеуге, талдаудың негізгі категорияларын қолдануға;
- себеп-салдар байланыстарын бөлуге, қажетті мысалдар келтіруге;
- өз қорытындыларын дәлелдеуге үйретеді.

Эсседе ой ауыспалы мағынада, екіұшты емес, дәл беріледі. Эсседе сөз тіркестері мен фразалар іріктелген және нақты болу қажет. Ойды бергенде ішкі логика сақталуы тиіс. Эссе белгілі сөз көлемімен шектелгендіктен, ойыңды сол көлемге сыйдыра білу керек. Кейбір кезде кейбір идеялардан, тәптіштеп түсіндірулерден бас тартуға тура келеді, әсіресе, ондай ойлар бір рет айтылып кетсе, оны әрі қарай айта берудің қажеті шамалы.

ЭССЕ ЖАЗУ БАРЫСЫНДА

сіздің ойларыңыз, сезіміңіз, көзқарасыңыз және ұсыныстарыңыз аналогия, ассоциация, болжау, пікір, пайымдау, дәлел және т.б. түрінде берілуі мүмкін. Кейбір идеялар ерекше дәлелдемелерді қажет етпейді, ал кейбіреулері дәлел және фактілерсіз болады. Сондай-ақ, тақырыпты зерттеу барысында автор өзінің хабарлауына енгізгісі келетін жаңа идеялар мен жаңа ойлар туындауы мүмкін.

Эссе жанры еркін шығармашылықты дамытады. Оның ерекшелігі автор өз ойын өз еркінше кез келген тақырыпта жаза алады. Эссе – бұл қандай болмасын мәселе бойынша ойланып-толғану. Басқа авторлардан сілтеме келтіруге болады, бірақ орынды және азырақ. Эссе – бұл өз тілімен және стилімен жазылған өздік жұмыс, сондықтан сілтеме аз болғанда жақсы.

Эссенің құрылымы:

- Кіріспе (эссенің 30 % көлемі)
- Негізгі бөлім (эссенің 60 % көлемі)
- Қорытынды (эссенің 10 % көлемі)

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Оқырманды қызықтыру үшін кіріспе бөлім жанды, нақты, күшті және мінсіз (өзіндік болуы керек. Онда оқырманға үндеу, афоризм, жалпы ой, жеке тәжірибеге сілтеме, аналогия, ассоциация, тұжырым, сұрақ, жеңіл ескертпелер т.б. болуы мүмкін.

Кіріспе бөлім тақырыпты таңдау себебі және мәні, логикалық және стилистикалық байланысқан бірқатар құрылымдардан тұрады.

Бұл кезеңде өз зерттеу барысында жауап іздеген сұрақты дұрыс құрастыру өте маңызды, ал әрі қарай жауапты растайтын дәлелдердің реттілігі қажет. Кіріспе бойынша жұмыс жасағанда мына сұрақтарға жауап көмектесуі мүмкін:

ОЙЛАНАТЫН СҰРАҚТАР

1. Мен ашатын тақырып қазіргі кезде маңызды ма?

2. Менің ойымша тақырыпқа қандай түсініктер енуі мүмкін?

3. Тақырыпты бірнеше шағын тақырыпшаларға бөлуге бола ма? т.б.

Негізгі бөлім – таңдаған мәселе және негізгі сұрақты қарау теориялық және практикалық негіздерін қамтиды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Негізгі бөлім тақырыптың бірізді баяндалуы болып табылады, жазылған мәселе бойынша ұсыныстар мен көзқарастарды бейнелі түрде жеткізеді, жазбаша хабарландырудың мақсаты мен бағытына сілтейтін ой желісін құрайды, дәлелдемелері мен сілтемелері бар, идеяны дәлелдемелер мен нақты мысалдар арқылы нақтылайды. Мұнда әртүрлі айқындау құралдары қолданылады.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Қорытынды – тақырып бойынша дәлелді қорытынды мен жинақтау. Эссені қорытындылайды немесе негізгі бөлімде айтылғанды мәні мен мағынасын тағы да анықтайды. Қорытындыны құрастыру үшін ұсынылатын әдістер: қайталау, суреттеу, цитата, әсерлі дәлелдеу. Қорытынды эссені толықтыратын өте маңызды элементті ұстауы мүмкін. Қорытындыда «Эссенің басында айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» деген сұраққа жауап болу қажет. Эсседе зерттеген мәселе бойынша қатысы, оны дәлелдеу, өзіндік қасиет және жаңаша ойлау бағаланады.

ЭССЕНІ ҚАЙТА ҚАРАУ, ТҮЗЕТУ

Қайта қарап шығу дегеніміз сапасы мен нәтижесі тұрғысынан мәтінді редакциялау: ойдың айқындылығы, түсініктілігі, яғни мағыналық байланыстылығы, бірізділігі, сауаттылығы және стильдің дұрыстығын айқындау, қайта қарау нәтижесінде екінші нұсқаның қажеттілігі туындайды. Екінші нұсқа бойынша жұмыс өте үлкен бөліктерден басталып, кішкентай бөліктерге дейін жалғасады: абзацтан сөйлемге дейін, сөйлемдерден сөзге дейін талданады, сараланады. Баяндаудың жатықтығына, ойдың логикалық сабақтастығына, байланысына назар аудару керек.

Түзету сатысында мәтін рәсімделіп, сауаттылығы, сөздердің байланысы, тыныс белгісі, стилистикасына жете көңіл бөлінеді.

Эссе құрылымы мен жоспары:

Эссе құрылымы оған қойылған талаптарға сай анықталады:

- 1) белгілі бір мәселеге қатысты эссе авторының ойы қысқаша тезис үлгісінде беріледі ;
- 2) ой дәлелдермен бекітіліп отыруы қажет, сол үшін тезистен соң дәлелдер (аргументтер) беріледі.

Эссе белгілі сөз көлемімен шектелгендіктен, ойыңды сол көлемге сыйдыра білу керек. Кейбір кезде кейбір идеялардан, тәптіштеп түсіндірулерден бас тартуға тура келеді, әсіресе, ондай ойлар бір рет айтылып кетсе, оны әрі қарай айта берудің қажеті шамалы.

Ұзақ фразалардан гөрі қысқа сөйлемдер көп болғаны жөн. Кейде ұзақ фразалар мен қысқа сөйлемдердің ауысып келіп отырғаны да ұтымды шығуы мүмкін. Эссені қайта-қайта оқыңыз. Сосын оқуға ыңғайлы абзацтарға бөліңіз.

Энциклопедия, кітаптардан алынған дұрыс қолданылып тұрмаған фразалар, мәліметтермен сықитып қойсаңыз, эссенің көркемдігі, нанымдылығы азаяды.

Әдістемелік нұсқаулық хат (2016-2017 оқу жылы)

Эссе жазуға қойылатын талаптар

Эссе - пәнді жете баяндау немесе анықтау бола алмайтын және бір мәселенің немесе оның нақты себептері бойынша өзіндік түсінік-пікірі мен жеке әсерін білдіретін шағын көлемді еркін құрылған прозалық шығарма.

Эсседе мәселеге кең көлемде талдау жасалмайды. Ол бір нәрсе туралы жаңаша, субъективті сөзбен айшықтап ұсынылады, шығарма философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе таза беллетристикалық сипатта болуы мүмкін.

Эссенің мақсаты

Шығармашылық ойлауды және өзінің жеке ойын өз бетінше дамыту сияқты дағдылардан тұрады, өйткені эссе мазмұнында біріші кезекте, автордың жеке басы, оның дүниетанымы, сезімі бағаланады. Эссе жазу оқушыларға ойларын нақты және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, негізгі ұғымдарды пайдалануға, байланыстың себеп-салдарларын аңқытауға, тиісті мысалдармен тәжірибені суреттеуге, өзінің қорытындысын жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, эссе жазу процесі басталды. Ол үшін не маңызды?

1. Тақырыпты таңдау

Егер бірнеше тақырып берілсе, берілген тақырыптың сіз үшін маңызды, қызықтысын таңдауға болады. Сонда эссе жазу қиынға соқпайды.

2. Ақпарат жинау

Тезисті дәлелдемелермен толықтыру үшін, сізге ақпарат қажет. Өзіңіз білетін, оқыған ақпараттарды еске түсіріңіз. Фактілер қай жерден басталатынын байқаңыз. Сіздің көзқарасыңызды жоққа шығаратын пікірлер мен фактілерге назар аудармаңыз.

Эссені жоспарлау

Басты ойыңызды фактілермен дәлелдейтін уақыт жетті. Сіз, алдымен, жинаған барлық ақпаратты мұқият оқып алыңыз. Басты принциптер мен байқауларды көріп тұрсыз ба? Жазу барысында қандай тәртіпті сақтайтыңызды ойластырыңыз. Эссе құрылымын жинақтау үшін, **қысқаша жоспар құрастырыңыз, параграфтарға атау беріңіз.**

Негізгі бөлімді жазу

Мәтін мазмұнын ашуға, бекітуге көмектесетін басты үш ой анықтаңыз. Әрбір көзқарас мысал және дәлелдермен бекітілуі тиіс. Қысқаша эсседе әрбір абзац бір ойдың мән-жайын баяндайды. Көлемді эсседе көзқарасты негіздеу үшін бір бет қажет болады. Өз жоспарыңызды сақтаңыз, одан ауытқымаңыз.

Сөйлемдеріңізді логикалық тәртіпке келтіріңіз. Барлық негізгі идеяларды жазып болғасын, барлық үзінділерді байланыстыратын сөйлемдермен жазыңыз.

Қорытынды жазыңыз.

ЭССЕДЕН қандай қорытынды шығаруға болады? Қандай сұрақтар жауапсыз қалды? Міне, осы сауалдарға жауап беру керек.

ЖАЗҒАНДЫ ОҚЫҒАНДА

эссені басынан аяғына дейін тексеріңіз. Бір сөйлем екінші сөйлемге дұрыс жалғаса ма? Бір абзац пен екінші абзацтағы ой ажырап кетпеген бе? Әрбір дәлел алдыңғысымен байланысты болу керек. Егер сізге ой тәртібі мен абзацтар құрылымы ұнамаса, оларды өзгертіңіз.

Қателерді тексеріңіз.

Мәтіндегі қателерді тексеріңіз:
грамматикалық, пунктуациялық,
стилистикалық. Қайталанатын сөздер,
жаргон т.б. қашыңыз.

Жиі кездесетін қателіктер:

- проблема ашылмайды;
- автордың жеке позициясы көрінбейді;
- теоретикалық негіздемесі жоқ;
- терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
- тым қарапайым өмірдің мысалдары көп;
- ауызекі сөздер, диалект, жаргон сөздер;
- келтірілген мысалдар автор позициясына қайшы;
- қорытындылау, түйін шығару деген жоқ;
- логиканың болмауы.

ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптар:

- Жеке көзқарастың көрінісі;
- Фактілі дәлелдер (аргументтер);
- Теориялық негіздеме;
- Терминдерді қолдану;
- Цитаталарды келтіру;
- Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- Сауаттылық (пунктуация., орфография.);
- Юмор, сарказм;
- Қолданылатын ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

Эссе жазу үшін қажет делелдеу аппаратының құрылымы

Дәлелдеу – белгілі бір тұжырымға негізделген және оған байланысты шын мәніндегі тұжырымды анықтау үшін қолданатын логикалық тәсілдер жиынтығы.

Дәлелдер (аргумент) — бұл қоғамдық өмір фактілері, құбылыстары, оқиғалар, өмірлік жағдаяттар мен тәжірибелер, ғылыми дәлелдемелер, ғалымдар пікіріне жасалған сілтемелер және т.б. Әрбір тезиске қатысты екі дәлел жазған жөн: бір дәлел сенімсіздеу шығуы мүмкін, ал үш дәлел тым көптік етеді.

Дәлелдеудің құрылымына 3 құраушы бөліктері енеді. Олар: тезис, аргумент, қорытынды.

Тезис – дәлелденуге тиісті жағдай.

Аргументтер – тезистің анық шын екендігін дәлелдеу үшін қолданылатын категория.

Қорытынды – фактілерді талдауға негізделген ой түйіні.

Бағалау межелері:

- эссе жүйесіне қатысты жоспар құруы;
- тақырыптың толық ашылуы;
- эссе мазмұнының логикалық тұтастығы және ішкі бөліктерінің өзара байланыстылығы;
- жұмыстың өз бетінше орындалуы;
- талдау-сараптау категорияларын сауатты пайдалана алуы;

- алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы;
- бейнелі баяндау шеберлігі, ұлттық танымдық құндылықтарға басым мән беруі;
- стиль біртектілігін сақтауы;
- эссе көлемінің берілген нұсқаға сайлығы;
- қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы;
- нақты да түсінікті, мазмұнын айқын етіп жаза алуы

ЭССЕНІҢ КӨЛЕМІ

Эссенің көлемі туралы пікір әртүрлі

- 1.Компьютермен тергенде 7-10 беттей болуы мүмкін.
2. Гарвард бизнес мектебінде көбінесе екі-ақ бетке жазылады.
3. Ресей университеттерінде 10 бетке дейін жаза беруге болады.
4. Ал біз жазатын эссе 250 сөзден тұрады.

Эссе тақырыптары:

- 1.«Қазақстанның болашағын білімді ұрпақ айқындайды»
- 2.«Жастардың бүгінгі келбеті»
- 3.«Жалынды жастар –Қазақстанның жарқын болашағы»
- 4.«Қоғамдағы әйел мен ерлердің рөліндегі өзгерістерге не себеп болды? “

Білікті ұстаз – заман талабы

1-тапсырма

Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.

I

II

III

Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма конструкциялар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет.

Елжандылық, отаншыл болу, тарихты құрметтеу, салт-дәстүрді білу, үлкенді сыйлау, біріншіден, ұлттық тәрбие, және, сондықтан, кішіге ақыл айту, алайда, ықпал ету, ақылды тыңдау – жақсы әдет, құрмет сезімі, қамқорлық, үшін, жақсылық жасау кез келгеннің қолынан келмейді, жасаған іс қайтады, үйреніп жүріп, үйрету керек, өмір мектебі бар, қорыта келгенде, өмірдің мәні, кісілік қасиеттер, еңбек ету, адал бол, әртүрлі адамдар, зиялы, жомарттық – абзал іс, қайырымдылық

Құрметті әріптестер!

**ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!
СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІН!**

